



**ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ,
ТУҒАНДЫ БИДЕ ИМАН ЖОҚ.**



Анықтауыш деп сөйлемде негізінде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және меншіктік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені атаймыз.

Анықтауыштар қандай? қай? қайдағы? (недегі?) қашанғы? ненің? қанша? неше? қайткен? не еткен? деген сұраулардың біріне жауап береді.



1. Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшы болмаса ел жетім,
Ұқпасқа айтқан сөз жетім...


2. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер,
Дұшпаныңа сырынды айтпа – түбіңе
жетер.



Нақыл сөздер


1. Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшы болмаса ел жетім,
Ұқпасқа айтқан сөз жетім...

2. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер,
Дұшпаныңа сырынды айтпа – түбіңе
жетер.




*Ел арасында сөзге шешен, ойға
тапқыр адам қандай лауазымға
лайық болған?*


Қазақ халқының қандай
белгілі билерін білесіңдер?



Әйтеке би



Қазыбек би



Төле би



**Ұлы жүздің төбе биі
Әлібекұлы Төле би
(1663-1756)**



Жаңа сөздер

төбе	– главный
шығарушы	– издающий
қисса-дастандар	– эпические поэмы
арқасында	– благодаря
ерте араласу	– рано принять участие
дау	– спор
жесір	– вдова
таралуы	– распространение
қамын ойлау	– заботиться
әділдік	– справедливость
көтерілген	– поднимался
парасатты	– интеллигентный



Қаңтардың жиырма төрті Сынып жұмысы



ТӨЛЕ БИ(1663-1756)

Төле би Әлібекұлы – Ұлы жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» заңын шығарушылардың бірі. Ол 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысының Жайсаң деген жерде дүниеге келген. Жастай араб, парсы тілдерін жақсы білген. Шығыстың аңыз әңгімелері, қисса-дастандарымен таныс болған. Әке тәрбиесінің арқасында билікке ерте араласып, сенімнен шыға білген. Алғыр-тапқырлығымен, әділдігімен көрініп, жастайынан ел ішіндегі жер дауы, жесір дауына араласып, кесіп шешім айтып отырған.

1743 жылы Ұлы жүз ханы Жолбарыс қайтыс болған соң, 1749 жылға дейін Ташкенттегі билікті Төле би өз қолына алады. Төленің атақ-абыройы өз Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» заңының ел ішінде таралуымен көтерілген.

Қазақ ауыз әдебиетінде Төле би туралы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер өте көп. Солардың көпшілігінде Төле ақылды, әділ, шешен және халық қамын ойлаған қайраткер бейнесінде суреттеледі. Шынында, Төле би 17-18-ғасырларда өмір сүрген, өз заманының ақылды, білімді, парасатты азаматы болған.